



сенімді | надежное  
сақтандыру | страхование

**«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

*Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бараев к., 15*

*Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмағұл ықшам ауданы, 15а*

*Телефон: (727) 258-18-00, 258-18-02; факс: (727) 258-18-01*

## **МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ**

**Директорлар кеңесімен бекітілген**

**«24» желтоқсан 2018 жылғы №02-01/110 хаттама**

**2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді**

**Директорлар кеңесінің төрағасы**



*(қолы)*

**Савельев А.Н.**

**Алматы қ., 2018 жыл**

МАЗМҰНЫ:

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ .....	4
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ .....	4
4.	АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН ТҰЛҒАЛАР .....	4
5.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	4
6.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ.....	5
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ .....	5
8.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	6
9.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ.....	8
10.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ .....	9
11.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ .....	9
12.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ.....	10
13.	МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	11
14.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ .....	11
15.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ .....	12
16.	ҚОСЫМША ТАЛАПТАР .....	12

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі – «Сақтандырушы», Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» заңы (бұдан әрі – Заң), осы Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережесі) және Қазақстан Республикасының заңнама негізінде шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен (бұдан әрі – «Сақтанушылар») міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады.
- 1.2. Сақтандыру ережелерінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1.2.1. **жәбірленуші** - қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға;
- 1.2.2. **қоршаған ортаның апаттық ластануы** - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариялардан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға тастау немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластанушы заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе электромагниттік, температуралық әсер, жарықтың әсері немесе сол уақыт үшін жол берілетін деңгейден асатын өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету болып табылатын қоршаған ортаның кенеттен абайсызда ластануы;
- 1.2.3. **міндетті экологиялық сақтандыру** - қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басталуы кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырушылардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
- 1.2.4. **пайда алушы** - Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.2.5. **сақтандыру жағдайы** - басталуына орай міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 1.2.6. **сақтандыру омбудсманы** - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 1.2.7. **сақтандыру сомасы** - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 1.2.8. **сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттеме қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 1.2.9. **сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 1.2.10. **сақтандырушы** - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 1.2.11. **сақтандырылушы** - өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 1.2.12. **сақтанушы** - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, Сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;
- 1.2.13. **үшінші тұлғалар** - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімге тартылған және мүдделеріне нұқсан келтірілген құқық қатынастары субъектілері;

1.2.14. уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

1.2.15. шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке (немесе) заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген, қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірген зиянын өтеу міндеті;

1.2.16. шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі - әрекеті нәтижесінде қоршаған орта апаттық ластанатын немесе ластануы мүмкін болатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірген зиянын өтеу міндетімен байланысты мүлдіктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

## 3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

3.1. Қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

3.2. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ өзіне келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға тиесілі.

3.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру жағдайы Сақтанушыға келтірілген зиянды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен басталды деп саналады.

## 4. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН ТҰЛҒАЛАР

4.1. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## 5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

5.1. Міндетті экологиялық сақтандыру Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында өміріне, денсаулығы мен мүлкіне зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғалардың және (немесе) зиян келтірілуі мүмкін қоршаған ортаның пайдасына Заң мен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқылы емес.

5.3. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын объектінің иесі біреуден көп болған кезде, Сақтандыру шарты объектінің

барлық иелерін сақтандырылушылар ретінде сақтандыру полисінде міндетті түрде көрсете отырып, олардың кез келген біреуімен жасалады.

5.4. Сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

5.5. Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

5.6. Сақтандыру полисі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында тізбелеп көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.

5.7. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағаны үшін жауапкершілікті Сақтандырушы өз мойнына алады.

5.8. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.9. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не Сақтандырушының интернет-ресурсы пайдаланыла отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

5.10. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен оны ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

## **6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

6.1. Сақтандыру шарты Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған тұлғаларға қатысты қолданылады.

6.2. Жауапкершілігі Сақтандыру ережесінің 4.1-т. сәйкес міндетті экологиялық сақтандыруға жататын Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қызметі үшінші тұлғаға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі ретінде сақтандырылған жағдайда, міндетті экологиялық сақтандыру шарты қоршаған ортаға зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бөлігінде ғана жасалады.

6.3. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6.4. Сақтандыру шарты күшіне енген күнінен бастап кемінде он екі ай қолданылады.

6.5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ**

7.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты:

7.1.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған;

7.1.2. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;

7.1.3. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылды деп саналады.

7.2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

7.3. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде қайтарып алуға құқығы бар:

№ п/п	Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының пайызы есебімен)
1.	1-айға дейін қоса алғанда	20
2.	1-айдан 2-айға дейін қоса алғанда	30
3.	2-айдан 3-айға дейін қоса алғанда	40
4.	3-айдан 4-айға дейін қоса алғанда	50
5.	4-айдан 5-айға дейін қоса алғанда	60
6.	5-айдан 6-айға дейін қоса алғанда	70
7.	6-айдан 7-айға дейін қоса алғанда	75
8.	7-айдан 8-айға дейін қоса алғанда	80
9.	8-айдан 9-айға дейін қоса алғанда	85
10.	9-айдан 10-айға дейін қоса алғанда	90
11.	10-айдан 11-айға дейін қоса алғанда	95
12.	11-айдан жоғары	100

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 8.1. Сақтанушы құқылы:

- 8.1.1. Сақтандырушыдан Сақтандыру шарты бойынша міндетті экологиялық сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 8.1.2. қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 8.1.3. Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;
- 8.1.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8.1.5. Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру шартының 13- тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 8.1.6. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 8.1.7. Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.
- 8.2. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### 8.3. Сақтанушы міндетті:

- 8.3.1. сақтандыру сыйақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 8.3.2. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;
- 8.3.3. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 8.3.4. сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 8.3.5. қоршаған ортаның апаттық ластануы жағдайында ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін орын алған жағдайларда қылға сыйымды және қолжетімді шараларды, соның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккендерге көмектесу шараларын қабылдауға;
- 8.3.6. тиісті органдарға олардың құзыреттеріне сүйене отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) қоршаған ортаның апаттық ластануы туралы және зардап шеккен тұлғалар туралы хабарлауға;
- 8.4. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### 8.5. Сақтандырушы құқылы:

- 8.5.1. Сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Заңға сәйкес

Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде міндетті экологиялық сақтандырудың бұрынғы шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты табыс етуді талап етуге;

8.5.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

8.5.3. Сақтанушыдан қоршаған ортаның ластану тәуекелін бағалау үшін қажетті, болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері мен салдарлары туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;

8.5.4. сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де мән-жайларын белгілеу үшін қоршаған ортаға келтірілген зиянды, Жәбірленушінің (Пайда алушының) бүлінген (жойылған) мүлкін бағалауды жүргізуге;

8.5.5. қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

8.5.6. қоршаған ортаның сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі және одан кейінгі жай-күйіне және Сақтанушы жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне өз зерттеулерін жүргізуге;

8.5.7. Сақтандыру ережелерінің 13-бабында көзделген жағдайларда зиян келтірілгені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;

8.5.8. Сақтандыру ережелерінің 12-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемдерін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

8.6. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа де құқықтары көзделуі мүмкін.

**8.7. Сақтандырушы міндетті:**

8.7.1. Сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтармен және міндеттермен таныстыруға;

8.7.2. табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге;

8.7.3. міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

8.7.4. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алған кезде оны дереу тіркеуге;

8.7.5. қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның мөлшеріне Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып, сақтандыру актісін жасауға және оны жәбірленушіге (Пайда алушыға) танысу үшін беруге;

8.7.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

8.7.7. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

8.7.8. Сақтанушыға оның сақтандыру жағдайы кезінде зиянды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

8.7.9. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

8.7.10. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Сақтанушыға бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін жіберуге.

8.7.11. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, бас тартудың себептерін Сақтанушыға жазбаша түрде негіздеу осы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде;

8.7.12. Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (жәбірленушінің, Пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

8.7.13. Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті.

8.8. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа де құқықтары көзделуі мүмкін.

#### **8.9. Жәбірленуші құқылы:**

8.9.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

8.9.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтандырушыға табыс етуге;

8.9.3. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

8.9.4. келтірілген зиянның мөлшеріне Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

8.9.5. Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

8.9.6. Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру ережесінің 13-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

8.9.7. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

8.9.8. келтірілген зиянды алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асатын келтірілген зиян сомасы мөлшерінде өтеу туралы Сақтандырушыға талап қоюға.

8.10. Жәбірленушінің Сақтандыру ережелерінің 8.9-тармағында белгіленген құқықтары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Пайда алушылар ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға ауысады.

## **9. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ**

9.1. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл орайда сақтандыру сомасының мөлшері:

9.1.1. жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

9.1.2. заңды тұлғамен Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 65000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

9.1.3. егер міндетті экологиялық сақтандыру шарты қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бөлігінде ғана жасалса, Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 17000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

9.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл орайда сақтандыру төлемінің мөлшері:

9.2.1. Сақтандыру ережелерінің 9.1.1. және 9.1.2-тармақшаларында көзделген жағдайларда Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76-дан 2,65-ке дейінгі пайызынан;

9.2.2. Сақтандыру ережелерінің 9.1.3-тармақшасында көзделген жағдайларда Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,59-дан 2,05-ке дейінгі пайызынан аспауға тиіс.

9.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері Сақтандыру шартымен белгіленеді.

9.4. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.5. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

## **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ**

10.1. Сақтандыру төлемі туралы Сақтандырушыға талаптарды Сақтанушы немесе жәбірленуші (Пайда алушы) сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса беріп жазбаша нысанда ұсынады.

10.2. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушының орналасқан жері бойынша ұсынудан босатпайды.

10.3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар:

10.3.1. сақтандыру полисі (оның телнұсқасы);

10.3.2. уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылатын құзыретті комиссияның келтірілген зиянның себептері, ауқымы және қоршаған ортаның апаттық ластануына әкеп соққан сақтандыру жағдайының зардаптары туралы актісі;

10.3.3. жәбірленушіге денсаулық сақтау ұйымдары берген еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі туралы анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;

10.3.4. жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және Пайда алушының зиянды өтеткізу құқығын растайтын құжат (көшірмесі) - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;

10.3.5. сақтандыру жағдайы басталған кезде зиянды болғызбау немесе азайту мақсатында Сақтанушының шеккен шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде;

10.3.6. жекелеген жағдайларда - өтелуге жататын зиянның мөлшерін көрсете отырып, Сақтанушыны сақтандыру жағдайының басталуына және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянға жауапты деп таныған сот шешімі.

10.4. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

10.5. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

## **11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**

11.1. Сақтандыру шартында моральдық зиянды, қолдан шығарып алған пайданы өтеу мен тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, Сақтанушы шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

11.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін жәбірленушінің (Пайда алушының) талап қою сомасын немесе Сақтандыру ережелерінің 11.1-тармағының

ережелерін ескере отырып, соттың келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген шешімін негізге ала отырып айқындайды.

11.3. Жәбірленуші, сонымен қатар Сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде Сақтанушы немесе жәбірленушіге келтірілген зиянды (залалды өтеткізуге құқығы бар тұлға) өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

11.4. Сақтандыру төлемі қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның (нақты залалдың) мөлшерінен аспауға тиіс.

11.5. Сақтандырушы жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемін оған әлеуметтік қамсыздандыру бойынша, басқа да сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаларға қарамастан жүзеге асырады.

11.6. Сақтандыру төлемі жәбірленушінің жазбаша өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянды өтеу жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей төленуі мүмкін.

11.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.

11.8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру ережелерінің 10.3-тармағында көзделген құжаттарды өзі алған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізеді.

11.9. Пайда алушы сақтандыру төлемінің мөлшеріне дау айтқан жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде Сақтандыру ережелерінің 11.8-тармағында белгіленген мерзім ішінде дереу жүзеге асыруға міндетті.

11.10. Сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде не, егер сот шешімнің дереу орындалуын ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.

11.11. Бұрын сақтандыру төлемін алған жәбірленушінің денсаулық жағдайы нашарлай бастаған (мүгедектігі не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініш пен тиісті құжаттардың негізінде сақтандыру төлемін қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте бұрын төленген сомалар есепке алынады.

11.12. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы жәбірленушіге (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

## **12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

12.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

12.1.1. қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

12.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

12.2.1. Сақтанушының зиян келтіруге кінәлі тұлғадан зиянның тиісті өтемін алуы;

12.2.2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

12.2.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

12.2.4. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

12.2.5. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруіне және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауына Сақтандырушының кедергі келтіруі;

12.2.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды оған беруден бас тартуы негіз болуы мүмкін. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

12.3. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл Сақтанушының еркінен тыс себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды.

12.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі келтірілген сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

12.5. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

12.5.1. соғыс қимылдарының, азамат соғысының, кез келген түрдегі халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;

12.5.2. табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

12.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен осы бапта көзделмеген негіздер бойынша бас тартуға құқылы емес.

### **13. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

13.1. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы):

13.1.1. талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не

13.1.2. Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.

13.2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

13.3. Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының, жәбірленушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

### **14. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ**

14.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) мынадай жағдайларда:

14.1.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған;

14.1.2. Сақтанушы сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

14.1.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде қарсы талап қою құқығы бар.

14.2. Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады.

## 15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша тараптардың қатынастарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

## 16. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

16.1. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңдарын бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Прошито и пронумеровано:

- русская версия Правил страхования на 11 листах
- казахская версия Правил страхования на 12 листах

